

Мақтаарал ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 358 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 13 маусымда № 6308-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2)-тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Мақтаарал ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 23.05.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Мақтаарал ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20 шілдедегі № 309 "Мақтаарал ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5725 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Мақтаарал ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мақтаарал ауданының әкімі

Б. Асанов

2023 жылғы 12 маусымдағы
№ 358 Қаулысына қосымша

Мақтаарал ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

	Стационарлық емес сауда				Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті
--	----------------------------	--	--	--	---

№	объектілерін орналастыру орындары	Қызмет саласы	Орналасқан алаңы, шаршы метр м2	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, жыл	сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Еркіндік көшесі, жер телімі № 96	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	6000	5	"Асқар" дүкені; "Молдахан" орталық базары; "Серік" асханасы
2	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Е.Мамбетов көшесі, жер телімі № 35/1	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	1679	5	"Дәулет" құрылыс материалдар дүкені
3	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, Ташкент көшесі, жер телімі № 132А	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	58,6	5	"Мелдахан" сауда дүкені
4	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Жолдыбай Нұрлыбаев ауылдық округі, Ынталы елді мекені М.Миманжораев көшесі, жер телімі 51/1	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	10416	5	"Өсербай-ата" дүкені